

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 4 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 ақпанда № 5056 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы № 233 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 03.10.2018 № 233 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы №30 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 ақпанда №14813 тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері;

2) жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған бюджеттік субсидиялар нормативі;

3) дистрибьютерлік орталықтар мен жеткізушілерге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.А.Есенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.О.Азбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы

И. Стеков

2018 жылғы 16 қаңтардағы № 4  
Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. Субсидиялар көлемдері жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.06.2018 № 141 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, тенге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге	Етті мал шаруашылығы
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу					
1.1	Тауарлы аналық бас					
1)	базалық норматив	бас	10 000	82 500	825 000	
	қосымша норматив:					
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000	35 501	284 008	
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000	5 460	32 760	
1.2	Асыл тұқымды аналық бас					
1)	базалық норматив	бас	10 000	13 690	136 900	
	қосымша норматив:					

2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	5 321	106 420
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	287	4 305
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	4 550	682 500
Барлық сомасы					2 071 893
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	базалық норматив	бас	10 000	823	8 230
	қосымша норматив:				
2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	380	7 600
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15000	47	705
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	50	8 500
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	кг	25	768 000	19 200
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	кг	15	1 040 000	15 600
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	кг	10	500 050	5 000,5
Барлық сомасы					64 835,5
Мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	2 071	93 195
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	496	29 760
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	345	22 425
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	150	11 250
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	650	13 000
3.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 146	3 500	18 011
4.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	150	15 000
Барлық сомасы					202 641

Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:				
1)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	55 605 000	122 331
Барлық сомасы					122 331
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	9 706	24 265
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	46 667	70 000,5
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу:				
1)	тұсақтар	бас	8 000	620	4 960
2)	тұқымдық кошқарлар	бас	20 000	1 105	22 100
3.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500	5 607	8 411
Барлық сомасы					129 736,5
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	57	5 700
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	120	4 800
Барлық сомасы					10 500
Барлығы					2 601 937

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;

кг – килограмм;

млн – миллион.

2018 жылғы 16 қаңтардағы № 4

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

қаулысымен бекітілген

**Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған бюджеттік субсидиялар нормативі**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
	Мал шаруашылығы		
	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер)		

1	кожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 146
---	--	-----	-------

2018 жылғы 16 қаңтардағы № 4  
Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
қаулысымен бекітілген

## **Дистрибьютерлік орталықтар мен жеткізушілерге қойылатын өлшемшарттар мен талаптар**

№	Субсидиялау бағыттары	Өлшемшарттар мен талаптар
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) кожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	<p>1. Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) кожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы.</p> <p>2. Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) кожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шығындарды есептеу-анықтамасының болуы.</p> <p>3. Ұрықтандырылған ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және буаздыққа зерттеп-қарау актісінің түпнұсқалары мен көшірмелерінің болуы.</p> <p>4. Отандық асыл тұқымдық орталықтың асыл тұқымды материалын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік шарттың түпнұсқасы мен көшірмесінің болуы.</p> <p>5. Ағымдағы шоттың бары туралы екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторы анықтамасының түпнұсқасының болуы (жылына бір рет немесе банктік шот ауысқан жағдайда беріледі).</p>

2018 жылғы 16 қаңтардағы № 4  
Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысына қосымша

## **Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4785 тіркелген, 2017 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы;

2. "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4892 тіркелген, 2017 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 25 тамыздағы №217 қаулысы;

3. "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4966 тіркелген, 2017 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы №286 қаулысы;

4. "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі №91 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4992 тіркелген, 2017 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №315 қаулысы.